

Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудегі стратегиялық менеджмент

А.О. Мусабеева¹, А. Қ. Қайыржан², А. Шмидт³

¹Менеджмент кафедрасының э.ғ.м., аға оқытушысы

^{2,3}«Физика-Информатика» мамандығы бойынша 3 курс студенттері

²arujankaijan@icloud.com, ³anelsmidt@gmail.com

^{1,2,3} Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі жолдары мен стратегиялық менеджменттің рөлі талданады. Қаржылық тұрақтылық ұйымның қызметін үздіксіз жүзеге асыруына, сыртқы және ішкі факторларға бейімделуіне мүмкіндік береді. Зерттеу компанияның қаржылық жағдайын нығайтуға бағытталған стратегиялық басқарудың негізгі әдістері мен құралдарын қарастырады. Сонымен қатар, қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін заманауи қиындықтар мен оларды шешу жолдары ұсынылады. Қаржы стратегиялары, сондай-ақ бюджеттік басқару және инвестициялау мәселелері қарастырылады. Зерттеу деректері мен анализдер негізінде компаниялардың қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі стратегиялық менеджменттің рөлі анықталады. Стратегиялық менеджменттің қаржылық тұрақтылықты сақтаудағы рөлін анықтау және іс-тәжірибедегі тиімді құралдар мен тәсілдерді ұсыну.

Кілт сөздер: қаржы, стратегия, ресурс, инвестиция, инновация, тұрақтылық, блокчейн технологиясы, маркетинг.

Қаржылық тұрақтылық кез келген ұйымның ұзақ мерзімдегі дамуына кепілдік болып табылады. Ол компанияның нарықтағы орны мен ресурстарды тиімді пайдалану қабілетін айқындайды. Қаржылық тұрақтылықтың негізін ағымдағы міндеттемелерді уақытылы орындау, активтердің өтімділігі және компанияның табыстылығын құрайды [1].

Қазіргі заманда экономикадағы компаниялар ішкі және сыртқы қысымға тап болады. Әсіресе, нарықтағы бәсекелестіктің өсуі, жаһандық экономикалық тұрақсыздық және технологиялық өзгерістер қаржылық тұрақтылыққа айтарлықтай әсер етеді. Осыған орай, стратегиялық менеджмент компанияның ұзақ мерзімді мақсаттарына жетуінде маңызды рөл атқарады. Компанияның қаржылық тұрақтылығы төлем қабілеттілігі, қаржылық өтімділік, табыстылық пен қарыз деңгейі сияқты көрсеткіштер арқылы бағаланады. Бұл көрсеткіштер компанияның ішкі және сыртқы факторларға төтеп беру қабілетін көрсетеді. Мәселен, өтімділік деңгейі ұйымның тез арада төлемдер жүргізу қабілетін білдіреді, ал табыстылық компанияның ресурстарды қаншалықты тиімді пайдаланып жатқанын анықтайды. Стратегиялық басқару процестері осы көрсеткіштерді талдауға негізделеді және олардың оңтайлы деңгейін сақтауға бағытталады [3].

Қаржылық тұрақтылық – бұл жеке тұлғалар мен ұйымдардың қаржылық жағдайларын ұзарта отырып басқару қабілеті. Оның негізінде кірістер мен шығыстардың теңгерімділігі, қарыздарды тиімді басқару, активтер мен пассивтер арасындағы өзара байланыс жатыр. Қаржылық тұрақтылықтың негізгі жетістіктері жоспарлау, болжау және стратегияларды жүзеге асыруға байланысты. Басқару процестері жоғары деңгейде жүргізілген қаржы ресурстары дағдарыс жағдайларына дайын болуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде кәсіпорынның немесе жеке тұлғаның ұзақ мерзімді перспективада дамуына оң әсер етеді. Қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу үшін, алдымен, бюджетті дұрыс ұйымдастыру қажет. Кірістер мен шығыстарды мұқият қадағалау, қажеттілік деңгейінде шығындарды қысқарту өте маңызды. Сонымен қатар, резервтік қорларды қалыптастыру, күтпеген жағдайлар үшін қаржылық "қауіпсіз" аймақ құру да оны нығайтуға көмегін тигізеді. Сондай-ақ, инвестициялар мен қаржылық өнімдерді жоғары деңгейде білу қаржылық тұрақтылыққа жетудің негізгі шарты. Қаржы нарығындағы маңызды шарттар: трендтерді бақылап, сәйкес инвестициялық

шешімдер қабылдау, активтерді тиімді орналастыру. Кәсіпорындар мен жеке тұлғалар үшін қаржылық сауаттылықты арттыру, өз білімін жетілдіру – қаржылық тұрақтылық жолындағы басты қадамдар болып табылады [5].

Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудегі стратегиялық менеджмент қазіргі бизнес әлемінде аса маңызды рөл атқарады. Бұл концепцияның негізі – ұйымның қаржылық ресурстарын жоспарлау, бақылау және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету. Стратегиялық менеджмент жүргізудің мақсаты – қаржылық тұрақтылықты нығайту, нарықтағы өзгерістерге бейімделу және тәуекелдерді минимизациялау. Стратегиялық менеджмент қаржылық анализ, бюджеттік жоспарлау, инвестициялық стратегияларды әзірлеу, сондай-ақ, қаржылық мониторинг функцияларын қамтиды. Компаниялар бүгінгі таңда динамикалық және бәсекелі ортада жұмыс жасайды, сондықтан оларға дәл әрі уақытында шешімдер қабылдау қажет. Бұл процесс мәліметтер жинау, болжам жасау, және корпоративті мәдениетті дамыту арқылы жүзеге асады. Стратегиялық менеджмент — ұйымдарды тиімді басқарудың негізгі аспектілерінің бірі. Ол кәсіпорынның ұзақ мерзімді мақсаттарын анықтауға, ресурстарды дұрыс бөлуді қамтамасыз етуге және нарықтағы бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыруға бағытталған. Стратегиялық менеджменттің негізі — ұйымның ішкі және сыртқы ортасын мұқият талдау, оған сәйкес стратегиялық жоспарларды әзірлеу. Стратегиялық менеджмент ұйымның ұзақ мерзімді мақсаттарын анықтауға және оларға жету жолдарын жоспарлауға көмектеседі. Нарықтағы бәсекелестік өсіп келе жатқандықтан, ұйымдардың стратегиялық жоспарлауды тиімді жүзеге асыруы аса маңызды. Стратегиялық менеджмент арқылы ұйымдар кемшіліктерін айқындап, өздерінің мықты және әлсіз жақтарын, сондай-ақ нарықтағы мүмкіндіктер мен қауіптерді талдай алады. Бұл процесс ішкі және сыртқы орта факторларын ескере отырып, тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Стратегиялық мақсаттарды нақтылау ұйымның барлық деңгейіндегі қызметкерлердің ақпарат алуларына және олардың ұйымдастырушылық стратегияға белсенді қатысуына ықпал етеді. Сонымен бірге, бұл қызметкерлердің мотивациясын арттыра отырып, ұйымның мәдениетін нығайтады. Стратегиялық менеджменттің артықшылығы инновациялық шешімдер мен жаңа бағыттарды табуға ынталандыру болып табылады. Ұйымдар стратегиялық ойлау арқылы нарықтағы өзгерістерге тез арада жауап бере алады, бұл олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға әсер етеді. Осылайша, стратегиялық менеджмент ұйымның табысты болашағын қамтамасыз ету үшін маңызды құрал болып табылады [4].

Бірінші кезеңде стратегиялық менеджмент ұйымның күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ мүмкіндіктер мен қатерлерді анықтайтын SWOT-талдау арқылы басталады. Бұл талдау кәсіпорынның қазіргі жағдайын бағалауға мүмкіндік береді және болашақта пайдаланатын өндірістік және нарықтық стратегияларды дамытуда негіз болып табылады.

Екінші кезеңде стратегиялық мақсаттар анықталады, олар нақты өлшене алатын, қол жеткізуге мүмкіндік болатын және уақыттық шектеулері бар болуға тиіс. Бұл мақсаттар ұйымның ресурстарын тиімді пайдаланып, орындалуын оңтайландыруға көмектеседі. Сонымен қатар, жоспарлаудың жауапты процесі топ арасындағы тығыз ынтымақтастықты талап етеді, өйткені әрбір қызметкердің стратегиялық бағыттың жүзеге асуына қосатын үлесі маңызды.

Стратегиялық менеджменттің соңғы кезеңі — жүзеге асыру мен бақылау. Бұл кезеңде белгіленген стратегиялар негізінде әрекеттерді іске асыру, нәтижелерді талдау және қажет болған жағдайда жоспарларды қайта қарау жүзеге асырылады. Осындай циклдік процесс ұйымның нарықтағы тұрақтылығын қамтамасыз етеді және бәсекелестік жағдайында табысты дамыта алатындығын көрсетеді.

Қазіргі заманда инвестиция қаржылық тұрақтылықтың және табыс табудың негізгі құралдары болып табылады. Әсіресе, жаһандық экономикалық жүйе мен қаржы нарықтарының өзгеруі инвестициялауға деген сұранысты арттыруда. Осыған орай «Инвестиция және трейдинг» атты кітапқа жүгіне отыра, тұжырымдар жасалды. «Инвестиция және трейдинг» кітабы Саймон Вайнның қаржы нарықтары, инвестиция және трейдинг туралы түсініктерін кеңейтуді мақсат етеді. Кітапта инвестициялық стратегиялар мен

нарықтағы сауда әдістері туралы терең талдау жасалады. Автордың негізгі мақсаты – оқырмандарға қаржы нарығында тиімді жұмыс істеу үшін қажетті білім мен дағдыларды ұсыну [1].

Тұжырымдар:

- Инвестиция — бұл ұзақ мерзімді кезеңге жасалған капитал салымдары, ал трейдинг — қысқа мерзімді сауда операциялары. Инвестордың басты мақсаты активтің құнын ұзақ мерзімде арттыру болса, трейдер нарықтың қысқа мерзімді ауытқуларынан пайда табуға тырысады.

- Техникалық және фундаменталдық талдаудың маңыздылығы

Техникалық және фундаменталдық талдаудың екі негізгі әдісі ұсынылады. Техникалық талдау нарықтық бағалардың өзгерісін өткен мәліметтер негізінде болжауды мақсат етеді, ал фундаменталдық талдау — активтің ішкі құндылығын зерттеу арқылы болашақтағы бағасын болжауға бағытталған. Екі әдіс те инвестор мен трейдерге тиімді шешімдер қабылдауға көмектеседі.

- Леверидждің қолданылуы

Леверидж — бұл заем қаражаттарын пайдалану арқылы инвестицияларды көбейту әдісі. Бұл әдіс үлкен пайда әкелуге болады, бірақ ол сонымен қатар үлкен шығындарды да тудыруы мүмкін, себебі нарықтың бағыты күтпеген жағдайда леверидждің әсері арқылы қаржылық жағдайды күрт нашарлатуы мүмкін. Левериджді пайдалану инвесторларға өздерінің бастапқы капиталымен салыстырғанда анағұрлым көп капиталды басқаруға мүмкіндік береді. Мысалы, егер трейдер \$1,000 өз капиталы болса, бірақ 5:1 леверидж коэффициентімен сауда жасаса, онда ол \$5,000-ға дейінгі позицияны аша алады. Бұл мүмкіндік оның пайдасын ұлғайтуға жағдай жасай алады.

- Нарықтық трендтер мен жаңашылдықтардың әсері

Қазіргі заманғы қаржы нарықтарындағы жаңа технологиялар мен үрдістерге ерекше назар аударылады. Кітапта криптовалюталар, блокчейн технологиясы, жасанды интеллект сияқты жаңа трендтердің нарыққа қалай ықпал ететіндігі туралы айтылады. Бұл жаңашылдықтар инвесторларға жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Блокчейн технологиясы — бұл мәліметтерді сақтаудың және өңдеудің жаңашыл әдісі, деректердің өзгертілмейтіндігін қамтамасыз етеді.

- Нарықтағы құбылмалылыққа бейімделу

Құбылмалы нарық жағдайында тиімді жұмыс істей алатын стратегияларды ұсынады. Оның айтуынша, нарықтағы жоғары өзгермелілік трейдерлер мен инвесторларға бірнеше мүмкіндіктер ұсынады, осы мүмкіндіктерді дұрыс пайдалану үшін нарықты үнемі бақылап, сараптама жүргізу қажет [1].

Біз “Natige” сүт фабрикасының қаржылық тұрақтылықты сақтап қалу стратегиялары бойынша зерттеулер жасадық. Олар келесідей тұжырымдарды қамтиды:

Нәтиже сүт фабрикасы қаржылай тұрақтылықтарының негізі – тиімді басқару, стратегиялық жоспарлау және нарықтағы өзгерістерге бейімделу. Фабриканың өндірістік процестері мен қаржылық көрсеткіштері арасында тығыз байланыс бар. Тауар айналымы, өндіріс көлемі және еңбек өнімділігі қаржылық тұрақтылықты қалыптастыратын негізгі факторлар болып табылады. Сондықтан, фабрика басшылығы барлық деңгейде мониторинг жасап, дер кезінде шаралар қабылдау үшін тиісті ақпарат жинауға міндетті. Сүт фабрикасының қаржылай тұрақтылығы тек ішкі ресурстарға ғана емес, сыртқы факторларға да байланысты. Нарықтағы бәсекелестік, шикізат бағасының өзгеруі және тұтынушы сұранысы сияқты аспектілер фабриканың қаржылық жай-күйіне тікелей әсер етеді. Сондықтан нарықтық зерттеулер жүргізу және клиенттермен тұрақты байланыс орнату - сүт фабрикасының өркендеуіне ықпал етеді.

- Нәтиже сүт фабрикасының қаржылай тұрақтылығын есептеу көптеген факторларға байланысты. Ең алдымен, фабриканың кірісі мен шығысын талдау қажет. Кіріс — сүт өнімдерін сатудан алынатын қаржы, ал шығыс — өндірістік процесс, шикізат, жалақы мен басқа да операциялық шығыстар. Бұл көрсеткіштерді бақылау арқылы фабриканың рентабельділігін анықтауға мүмкіндік береді.


• Келесі кезең — қаржылық коэффициенттерді есептеу. Мысалы, ликвидтілік коэффициенті, кәсіпорынның қысқа мерзімді міндеттемелерін жабу қабілетін бағалайды. Таза пайданың коэффициенті арқылы табыстың тиімділігін, ал айналым коэффициенті – активтердің қаншалықты тиімді пайдаланылатынын көруге мүмкіндік береді. Бұлардың барлығы сүт фабрикасының қаржылық деңгейін көрсету үшін маңызды мәліметтер береді.

• Нәтиже сүт фабрикасы нарықта бірнеше аспектілерді ескере отыра жұмыс жасайды. Алдымен, фабриканың өнімдері жоғары сапа стандарттарына сай болуына аса мән береді. Бұл сүт өнімдерінің құрамында пайдалы микроэлементтер мен витаминдердің жеткілікті деңгейі сақталуымен қамтамасыз етіледі. Нарықтағы бәсекелестікке төтеп беру үшін сапаны бақылау жүйесі тұрақты түрде жаңартылып отырады.

• Екінші жағынан, маркетингтік стратегия да сүт фабрикасының табысты болуына үлкен әсер етеді. Қазіргі заманғы тұтынушылардың талабына сай жарнамалық акциялар, бренд имиджін қалыптастыру және әлеуметтік желілердегі белсенділік ерекше маңызға ие. Сонымен қатар, фабрика тұтынушылардың пікірлерін ескеріп, өнім ассортиментін кеңейту арқылы нарықтағы орнын нығайтып отыр [6].

• Сондай-ақ, тиімді логистика жүйесі сүт өнімдерін өз уақытында және сапалы түрде жеткізуді қамтамасыз етеді. Жеткізу процесін оңтайландыру үшін заманауи технологиялар мен тасымалдау құралдары қолданылады. Түрлі сауда нүктелерімен ынтымақтастық кәсіпорынның нарықтағы көрінуін арттырады.

“Natige” сүт фабрикасының қаржылай тұрақтылығына әсер ететін факторлар диаграммада көрсетілген:



Сурет 1. “Natige” сүт фабрикасының қаржылай тұрақтылығына әсер ететін негізгі факторлар

Кесте 1

Әр фактордың пайыздық үлесі

| Факторлар | Пайыз (%) |
|--|-----------|
| Өндіріс көлемі | 30 |
| Сатылым көлемі | 25 |
| Шикізат бағасы | 20 |
| Тасымалдау шығындары | 15 |
| Инфляция деңгейі | 10 |
| Е с к е р т у – Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін факторлар бойынша автормен жасалған [7]. | |

Ақырында, өндіріс пен сатудың тиімді жүйесі фабриканың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы нәтиже сүт фабрикасы нарықта белсенді, бәсекеге қабілетті орта болып қала алады.

Қорытындылай келе қаржылық тұрақтылық кез келген ұйымның ұзақ мерзімді дамуы үшін негізгі фактор болып табылады. Қаржылық тұрақтылық, ең алдымен, кәсіпорынның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін сақтап, өз міндеттемелерін тиімді орындауына, ресурстарды тиімді пайдалануға, сондай-ақ тұрақты табыс әкелуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар,

қаржылық тұрақтылықтың негізін ағымдағы міндеттемелерді уақытында орындау, активтердің өтімділігі және табыстылық құрайды. Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудегі стратегиялық менеджмент қазіргі бизнес әлемінде аса маңызды рөл атқарады. Бұл концепцияның негізі – ұйымның қаржылық ресурстарын жоспарлау, бақылау және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету. Стратегиялық менеджмент жүргізудің мақсаты – қаржылық тұрақтылықты нығайту, нарықтағы өзгерістерге бейімделу, және тәуекелдерді минимизациялау. Стратегиялық менеджмент қаржылық анализ, бюджеттік жоспарлау, инвестициялық стратегияларды әзірлеу, сондай-ақ қаржылық мониторинг функцияларын қамтиды. Компаниялар бүгінгі таңда динамикалық және бәсекелі ортада жұмыс жасайды, сондықтан оларға дәл әрі уақытында шешімдер қабылдау қажет. Бұл процесс мәліметтер жинау, болжам жасау, және корпоративті мәдениетті дамыту арқылы жүзеге асады. Стратегиялық менеджмент – ұйымдарды тиімді басқарудың негізгі аспектілерінің бірі. Ол кәсіпорынның ұзақ мерзімді мақсаттарын анықтауға, ресурстарды дұрыс бөлуді қамтамасыз етуге және нарықтағы бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыруға бағытталған. Стратегиялық менеджменттің негізі – ұйымның ішкі және сыртқы ортасын мұқият талдау, оған сәйкес стратегиялық жоспарларды әзірлеу. Стратегиялық менеджмент ұйымның ұзақ мерзімді мақсаттарын анықтауға және оларға жету жолдарын жоспарлауға көмектеседі [2].

Әдебиеттер тізімі

1. Вайн С. (2019). Инвестиция және трейдинг. - Алматы: Қаржы-Экономика баспасы.
2. Смит Д. (2018). Қаржылық тұрақтылық және менеджмент стратегиялары. – Москва: Экономика баспасы.
3. Қаржылық менеджмент. (2020). Қаржылық ресурстарды басқару және кәсіпорынның тұрақтылығы. – Астана: Білім баспасы.
4. Тетл А. (2018). Қаржылық нарықтар мен инвестициялар: Тәуекелдерді басқару мен инвестициялық стратегиялар. – Алматы: Экономикалық зерттеулер институты.
5. Котлер Ф. (2021). Маркетинг менеджменті. – Алматы: Қазақ университеті.
6. Назарова Т. (2020). Нарықтық экономика және қаржылық тұрақтылық. – Шымкент: Атамекен баспасы.
7. Миронова С.А. (2018). Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін факторлар. Жас ғалым, №2, 23-26. <https://moluch.ru/archive/223/52594/>

Қаржы секторын цифрландыру – бұл қазіргі экономиканың маңызды трендтерінің бірі

А.Ж. Тиштықбаева¹, С.Е. Масалим², Қ. Түйтебек³

¹Қаржы кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м.

^{2,3}"Қаржы" мамандығы бойынша 2 курс студенттері
arnagul0707@mail.ru, maaasalim@mail.ru, Karakattujtebek@gmail.com

^{1,2,3} Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Қаржы секторын цифрландыру – заманауи экономиканың маңызды бағыттарының бірі. Цифрлық технологияларды енгізу банк жүйесін жетілдіру, төлем операцияларын автоматтандыру және қаржы ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді. Бұл үрдіс клиенттерге көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартумен қатар, операциялардың қауіпсіздігін арттырады. Сонымен қатар, блокчейн, жасанды интеллект және үлкен деректерді талдау құралдарының қолданылуы қаржы институттарының қызметтерін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Осы мақалада цифрландырудың қаржы секторына тигізетін ықпалы, оның артықшылықтары мен негізгі кедергілері қарастырылады.